

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

**6 – СЕКЦИЯ**  
**ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ**

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ  
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

### **6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ**

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ  
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ  
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского поместного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

## 6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaronyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА  
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР  
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ  
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” ( 三体 ) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY**

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорынның тұрақты дамуының	4103

4. Ли В.С. Парадигмы знания в современной лингвистике. – Алматы, 2003. – 138 с.
5. Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Астана, 2017.- 154 б.
6. Виноградов В.В. О языке художественной прозы.– М. – 1980. -83 с.
7. Катаев В.Б. К постановке проблемы образа автора. Научные доклады высшей школы. Серия «Филологические науки», 1966. – №1.-29 с.
8. Құлманов С.Қ. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалділігінің функционалды семантикалық көрісі. – Алматы, 2004.
9. Оразалин К. Абайдан соң. 1-том. - Алматы: «ҚазАқпарат» баспасы, 2008. – 51 б.

ӘОЖ: 316.472.4:811.512.122

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРГЕ ТАНЫМАЛ ЕТУ ҮШІН КОНТЕНТ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

**Оралбай Ақбота Оңдасынқызы**

[oralbay.akbota@mail.ru](mailto:oralbay.akbota@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, «Қазақ филологиясы» (тіл бағыты)  
мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ж. Өмірбекова

Қазіргі таңда жаһандану үдерісінің қарқынды жүруіне байланысты қазақ тілінің қоғамдағы рөлін нығайту және оның қолданылу аясын кеңейту мәселесі өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Әлеуметтік желілер – тілдік ортаны қалыптастыру мен дамытуда үлкен маңызға ие платформа болғандықтан, оларды қазақ тілінің танымалдылығын арттыру құралы ретінде қарастыру қажет.

Цифрлық технологиялардың дамуы адамдардың ақпарат алмасу тәсілдерін түбегейлі өзгертті, нәтижесінде дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары өз орнын әлеуметтік желілерге беруде. Әлеуметтік медиа жастар арасындағы негізгі коммуникациялық құралға айналғандықтан, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтудің тиімді жолдарының бірі – осы платформаларда сапалы контент қалыптастыру болып табылады. Бұл үрдіс, әсіресе, қазақ тілінің заманауи қоғамдағы сұранысын арттыру және оны күнделікті қолданысқа енгізу мақсатында маңызды болып саналады.

Сонымен қатар, қазақ тіліне деген сұранысты күшейту үшін әлеуметтік желілерде жүйелі әрі тартымды контент стратегияларын әзірлеу қажет. Бұл стратегиялар тек қазақ тілін үйренушілерге ғана емес, оны еркін меңгерген азаматтарға да бағытталуы тиіс, себебі тілді қолданушылар санының артуы оның қоғамдық мәртебесінің жоғарылауына ықпал етеді. Осылайша, әлеуметтік желілер қазақ тілін танымал етудің маңызды құралына айналып, оны мемлекеттік тіл мәртебесіне сай кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда Н. Ахметов: «Әлеуметтік желілерде тілдің қолданылуы оның тек коммуникативтік қызметін ғана емес, сонымен бірге қоғамдық және мәдени қызметін де іске асырады. Әлеуметтік медианың тиімділігі тілдің жаңа формаларын, терминдерін, сөз тіркестерін қалыптастыруға мүмкіншілік туғызады», – деген тұжырым жасайды [1]. Сонымен қатар Ш. Әбдірайымова әлеуметтік желілердің тілдік өзгерістерге әсерін, оның ішінде тілдік инновациялардың пайда болуы мен ұлттық тілдің өзге тілдермен салыстырғанда қолданылу деңгейінің артуын атап өткен. Оның зерттеулерінде әлеуметтік желілерде көп жағдайда жастар арасында жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуы, тіпті халықаралық терминдердің де қазақша баламаларының қалыптасуы белсенді жүретіні көрсетіледі [2].

Әлеуметтік желілердің қазақ тілін танымал ету үшін тиімді құрал бола алатындығының тағы бір маңызды аспектісі – бұл платформадағы жастардың белсенділігі мен ықпалы. Әлеуметтік медиа бүгінде жастар арасында ақпарат алу, білім арттыру және қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылау үшін жиі пайдаланылатын алаңға айналды. Бұл трендті ескере отырып, қазақ тілінде қызықты және тартымды контент әзірлеу арқылы оның қолданыс аясын кеңейтуге болады. Әлеуметтік желілерде қазақ тіліндегі видеолар, инфографика, танымдық мақалалар мен түрлі челленджер арқылы жастарға тіл үйренуге және оны күнделікті өмірде қолдануға мотивация беру маңызды.

М. Құлмұхамедова мен Ж. Әбдіразақова жүргізген зерттеулерде қазақ тілінің Instagram, Facebook, Tik-tok сияқты платформаларда тек жастар арасындағы коммуникацияны ғана емес, сондай-ақ қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарының белсенділігін арттыратыны көрсетілген. Дегенмен, ғалымдар қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен көлемінің әлі де жеткіліксіз екенін атап өтеді. Олар: «Қазақ тілінің және мәдениетінің онлайн кеңістікте толыққанды насихатталуы үшін мемлекеттік және жеке сектор тарапынан жүзеге асырылатын тіл саясаты маңызды» деп түйіндейді [3]. Бұл тұжырым қазақ тілінің әлеуметтік желілерде дұрыс және тиімді қолданысын қамтамасыз ету үшін қажетті тілдік саясаттың маңызды екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, ғалымдар қазақ тілін насихаттау үшін тек контенттің сапасын арттыру ғана емес, оның кең аудиторияға қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін арнайы стратегиялар мен жоспарлар қажет екенін алға тартады.

Бұл мәселе Қ. Қасымова мен Т. Ахметжанова сияқты ғалымдардың еңбектерінде де жан-жақты талқыланған. Олар әлеуметтік желілерде қазақ тілінің дамуы мен оның кеңінен қолданылуына кедергі келтіретін басты факторлардың бірі ретінде тілдік инфрақұрылымның жеткіліксіздігін көрсетеді. Осы салада тағы бір үлкен мәселе – қазақ тілінде сапалы контенттің, әсіресе ғылыми, ресми және кәсіби бағыттағы ақпараттардың жетіспеушілігі. Бұл жағдай қазақ тілін интернет алаңында дамытуды айтарлықтай қиындатады. Қасымова өз зерттеуінде осы мәселені шешудің бірқатар жолдарын ұсына отырып, «Әлеуметтік желілерде қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен көлемінің артуы үшін мемлекет тарапынан тіл саясатының белсенді жүргізілуі және тілдік ресурстардың сапасын жақсарту маңызды» деп атап көрсеткен [4].

Ғалымның пікірінше, мемлекеттік тіл саясатының тиімділігі мен оның орындалуы арқылы қазақ тіліндегі контенттің сапасын арттыруға болады. Сонымен қатар, тіл ресурстарының жетілдірілуі, яғни қазақ тіліндегі ақпараттық жүйелердің қолжетімділігі мен функционалдығын жақсарту да маңызды қадам болмақ. Бұл, өз кезегінде, әлеуметтік желілерде қазақ тілінің қолданылуына оң ықпал етеді, себебі тілді интернетте кеңінен тарату үшін тек оның саны ғана емес, сапасы да маңызды. Яғни, қазақ тіліндегі контенттің ғылыми негізде, нақты әрі сапалы ақпаратпен толықтырылуы қажет. Сондай-ақ, кәсіби салада қазақ тілінің қолданылуын арттыру үшін білім беру жүйесінде осы бағытта жұмыс істейтін платформалардың саны мен сапасын жақсарту керек.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі қазақ тілінде ақпарат таратудың тағы бір маңызды артықшылығы – бұл бірден үлкен аудиторияға жету мүмкіндігі. Әлеуметтік медиа платформаларының алгоритмдері арқылы нақты мақсатты топтарға бағытталған мазмұнды жылжыту оңай болады. Осылайша, қазақ тілін кеңінен насихаттау үшін, белгілі бір топтарға бағытталған контент жасау, олардың қызығушылықтарына сай материалдар ұсыну арқылы аудиторияның санын арттыруға болады. Сонымен бірге, қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен оның заман талабына сай болуы да өте маңызды. Заманауи технологияларды пайдалану, мультимедиялық элементтерді қосу және контентті визуалды түрде тартымды ету, қазақ тіліндегі мазмұнның көпшіліктің назарын аударуына септігін тигізеді.

Осы жоғары да көрсетілген мәселелер мен маңыздылықты басшылыққа ала отырып, төменде көрсетілген контент стратегияларын ұсынамыз. Қазақ тілін әлеуметтік желілерде

танымал ету үшін сапалы және жүйелі контент құру өте маңызды. Әлеуметтік желілер қазіргі заманғы ақпарат алмасудың негізгі алаңына айналғандықтан, тілдің кеңінен қолданылуы мен дамуы үшін осы платформаларды тиімді пайдалану қажет. Әлеуметтік желілердің ерекшеліктерін, динамикасын ескере отырып, қазақ тілін әлеуметтік желілерде насихаттау үшін бірнеше негізгі стратегияларды жүзеге асыру қажет. Бұл стратегиялар тек тілдің қолданылуын арттырып қана қоймай, сонымен бірге қазақ тілін әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілерде қазақ тілін насихаттау үшін контентті тұрақты және жүйелі түрде орналастыру өте маңызды. Бұл үшін нақты жоспарлау мен мақсатты аудиторияға бағытталған мазмұнды жасау керек. Әрбір платформада аудиторияның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейімделген контент әзірлеу қажет. Сонымен қатар, контенттің сапасы мен оның аудиторияға әсер етуі негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қазақ тілінде контент жасау барысында әртүрлі тақырыптар мен жанрларды қолдану арқылы әлеуметтік желілерде тілдің қолданылуын кеңейтуге болады.

*1 стратегия – мақсатты аудиторияны анықтау және оған бейімделген контент әзірлеу.*

Әлеуметтік желілерде қазақ тілін белсенді қолданатын және тілге қызығушылық танытатын жастар мен әртүрлі мамандық иелері негізгі мақсатты топ болуы тиіс. Әлеуметтік желілерде контент жасау барысында, ең алдымен, аудиторияның қажеттіліктері мен қызығушылықтары ескерілуі қажет. Қазақ тілінде ақпарат тұтынушылар көбінесе жас буын өкілдері мен кәсіби мамандар болып табылады. Сондықтан олардың мүдделері мен талаптарын қанағаттандыратын контентті әзірлеу маңызды.

Бұл стратегияны жүзеге асыру үшін алдымен аудиторияның психологиялық және мәдени ерекшеліктерін зерттеу қажет. Мысалы, жастардың арасында танымал болып табылатын ғылыми және білім беру саласына қатысты тақырыптар кеңінен қолданылады. Жастар көбінесе заманауи технологиялар мен ғылыми жаңалықтарға қызығушылық танытады, сондықтан осы бағыттағы контентті қазақ тілінде әзірлеу арқылы олардың назарын аударуға болады [5]. Сонымен қатар, кәсіби саладағы мамандарға арналған контент жасау, яғни кәсіби сөздік қорды дамыту мақсатында әртүрлі терминдер мен кәсіби білім беретін материалдарды дайындау маңызды. Бұл қадам қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге және оны әртүрлі салада қолдануға мүмкіндік береді.

Контентті жасай отырып, оның әртүрлі форматын пайдалану керек. Мысалы, инфографика, видеороликтер, тақырыптық посттар және басқа да визуалды материалдар қазақ тіліндегі контентті жастар үшін тартымды етеді. Видеороликтер, мысалы, білім беру және танымдық бағытта бола отырып, жастарды тіл үйренуге мотивациялайды. Сонымен қатар, тақырыптық посттар мен инфографикалар арқылы ақпаратты қысқаша әрі нақты жеткізуге болады, бұл аудиторияның назарын сақтауға көмектеседі.

Бұл стратегияның тиімділігі оның мақсатты аудиторияға бағытталуында. Жастар мен кәсіби мамандар үшін арнайы контент әзірлеу арқылы, қазақ тілін тек әдеби тіл ретінде емес, заманауи қоғамда қажетті және пайдалы құрал ретінде ұсынуға болады. Бұл әдіс контенттің қолжетімділігі мен танымалдылығын арттырып, тілдің қолданыс аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл стратегия жастардың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттырады және олардың тілдің қолданылуына ықпал етуіне себеп болады.

*2 стратегия – көрнекі және интерактивті контентті пайдалану*

Көрнекі және интерактивті контентті пайдалану – қазақ тілінің әлеуметтік желілерде кеңінен таралуы мен танымалдылығын арттыру үшін тиімді әрі маңызды қадам болып табылады. Қазіргі заманда жастар ақпаратты тек мәтін арқылы қабылдамайды, олар көбінесе визуалды контентті тұтынуға бейім [6]. Әлеуметтік желілерде мәтіндерден басқа, инфографика, мемдер, анимациялар және видеолар сияқты контент түрлері де өте тиімді. Визуалды контент

көрермендердің назарын аударып отырып, олардың қызығушылығын оятады, сол арқылы ақпаратты қабылдау деңгейі айтарлықтай жоғарылайды.

Инфографика – күрделі ақпаратты тез әрі тиімді түрде жеткізу үшін маңызды құрал болып табылады. Қазақ тілінде инфографика жасау арқылы ғылыми, әлеуметтік немесе білім беру саласындағы маңызды мәліметтерді кең аудиторияға ұсыну өте тиімді болады. Бұл әдіс, әсіресе, жастарды қазақ тілінде ақпарат алуға ынталандыру үшін маңызды. Инфографикадағы графикалық элементтер мен түсінікті құрылым ақпараттың қабылдануын жеңілдетеді, әрі жастардың назарын аудару үшін тиімді тәсіл болып табылады. Мұндай контенттің қазақ тілінде пайда болуы, жастардың осы тілде оқу және білім алу процесін қызықты әрі қолжетімді етеді.

Анимация мен видеолар да көрнекі контенттің маңызды құрамдас бөліктері болып саналады. Видеоконтент – қазіргі әлеуметтік желілерде ең кең таралған әрі ең тиімді ақпарат беру әдісі болып табылады. Қазақ тіліндегі қысқа видеороликтер жасалып, оларды әлеуметтік желілерде тарату арқылы жастардың назарын аудару мүмкіндігі бар. Видео арқылы түрлі тақырыптар, соның ішінде қазақ мәдениеті, әдебиеті немесе тарихи мәселелер сияқты маңызды тақырыптарды тартымды түрде ұсынуға болады. Мұндай видеолар контенттің қызықты әрі әсерлі болуына ықпал етеді, сол арқылы жастардың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

Мемдер қазіргі әлеуметтік желілерде өте танымал және оларды кеңінен тарату қазақ тілін насихаттау үшін тиімді құрал болып табылады. Мемдер – бұл жеңіл әрі қызықты түрде жасалған контент, ол адамдардың көңілін көтеріп, көпшілік арасында кеңінен таралады. Қазақ тіліндегі мемдер әзірлеу арқылы жастарды тіл үйренуге тартуға болады, себебі мемдер күнделікті өмірде қолдануға ыңғайлы және адамдарға қазақ тілін жеңіл әрі көңілді түрде үйретеді [7]. Сонымен қатар, мемдер қазақ тілінің мәдени тұрғыдан маңызды және қазіргі заманға сай екенін көрсетеді, бұл да оның қоғамдағы орны мен маңыздылығын арттырады.

Көрнекі контенттің сапасы мен кәсібилігі де өте маңызды. Әлеуметтік желілерде жарияланатын контент жоғары сапалы болуы керек, өйткені бұл тілдің қоғамдағы имиджін жақсартып, оның мәртебесін көтеруге ықпал етеді. Қазақ тілінде сапалы контент жасау үшін дизайнерлер, видеографистер және тіл мамандары бірлесе жұмыс істеуі қажет. Бұл олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін пайдалана отырып, жоғары сапалы контент жасауды қамтамасыз етеді. Мұндай контенттің жақсы сапасы оның таралуын жеңілдетеді, әрі қазақ тілінің әлеуметтік желілерде кеңінен қолданылуын қамтамасыз етеді.

Бұл стратегияның жүзеге асырылуы қазақ тілінің әлеуметтік желілерде танымал болуына үлес қосады. Әлеуметтік желілердегі контенттің жаңашылдығы мен сапасы қазақ тілінің жас ұрпақ арасында қолданысқа енуіне ықпал етеді. Визуалды және интерактивті контент арқылы жастардың қазақ тілінде ақпарат алуына оң әсер етіп, олардың тілге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, бұл стратегия қазақ тілінің болашағына оң әсерін тигізіп, оның заманауи қоғамдағы орнын нығайтуға көмектеседі.

### *3 стратегия – қоғамдық пікірталастар мен диалогтар ұйымдастыру*

Әлеуметтік желілерде қазақ тілін дамыту және оның кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету үшін қоғамдық пікірталастар мен диалогтар маңызды рөл атқарады. Бұл тәсіл тілдің өзекті мәселелері мен қоғамдағы рөлі туралы пікір алмасуды қалыптастырады, сондай-ақ қазақ тілінің қоғамдағы орнын арттыруға ықпал етеді. Әлеуметтік желілердегі пікірталастар мен диалогтар арқылы әр түрлі салалардағы азаматтар өз ойларын ортаға салып, тілдің даму бағыттары туралы конструктивті ұсыныстар жасай алады.

Қоғамдық пікірталастар мен диалогтар ұйымдастыру арқылы қазақ тілінің маңызды мәселелері туралы халықтың хабардарлығын арттыруға болады. Мысалы, тілдің қолданылу аясын кеңейту, тілдік инфрақұрылым мәселелері, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру сияқты

тақырыптарда арнайы талқылаулар өткізу қажет. Әлеуметтік желілерде қоғамдық пікірталастар мен диалогтар өткізу арқылы осы мәселелерге қоғамның назарын аударуға болады.

Арнайы челленджер мен сұрақ-жауап сессиялары да осы стратегияның құрамдас бөлігі болуы тиіс. Челленджер арқылы қазақ тілінде жазылған посттарды, видеоларды немесе суреттерді жасауға шақыру арқылы жастарды тілге қызықтыруға болады. Бұл тәсіл жастардың өзара тілде қарым-қатынас жасауын, оның кеңінен қолданылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, сұрақ-жауап сессиялары да өте тиімді құрал бола алады. Бұл сессиялар арқылы белгілі тұлғалар мен сарапшылар қазақ тілінің маңыздылығын түсіндіре отырып, қоғамды тіл мәселелері бойынша ақпараттандырады.

Әлеуметтік желілерде өткізуге болатын пікірталастар мен диалогтар қазақ тілінің танымал болуына ықпал етеді, себебі олар қоғамды қазақ тілінің маңыздылығы мен қажеттілігі туралы ойлануға мәжбүр етеді. Осылайша, қоғамдық пікірталастар мен диалогтарды ұйымдастыру тілдің дамуына қажетті ақпараттық алаң қалыптастырып, қазақ тілінің әлеуметтік желілерде белсенді қолданылуына мүмкіндік береді.

*4 стратегия – мамандар мен танымал тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету.*

Әлеуметтік желілерде қазақ тілін танымал ету үшін белгілі қоғам қайраткерлері, мәдениет және өнер өкілдері, блогерлер мен influencers-лардың қолдауына жүгіну өте маңызды. Бұл стратегияның тиімділігі олардың аудиториясына тигізетін әсерінде жатыр. Блогерлер мен қоғам қайраткерлері қазіргі кезде жастардың белсенді және сенімді көздеріне айналғандықтан, олардың қатысуы қазақ тілін кеңінен насихаттауға үлкен ықпал етеді. Әлеуметтік желілерде танымал тұлғалардың қазақ тілінде сөйлеп, жазып, түрлі контенттер жасауы қоғамдағы тілге деген сұранысты арттыруға бағытталған маңызды қадам болар еді.

Бұл стратегияның жүзеге асырылуы әртүрлі форматтарда көрініс табады. Мысалы, белгілі тұлғалар қазақ тілінде өз ойларын жеткізетін видеолар жасап, оларды әлеуметтік желілерде жариялай алады. Сонымен қатар, танымал блогерлер қазақ тіліндегі челленджер мен онлайн жобаларды бастамашы болып, жастарды осы тілді қолдануға ынталандыра алады. Танымал тұлғалардың өз аудиториясына қазақ тілін насихаттайтын контенттер жасап, бұл бағытта белсенділік танытуы олардың ықпалын пайдалану арқылы тілдің танымалдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілерде қазақ тілінде жүргізілетін әңгімелер мен пікірталастар да аудиторияның қызығушылығын оятады, себебі олар танымал тұлғалардың пікірін тыңдауға қызығушылық танытады.

Нақты мысал ретінде, белгілі тұлғалардың қазақ тілінде күнделікті жазбалар жариялау немесе белгілі бір тақырыпта онлайн сұхбаттар өткізуі қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, белгілі қоғам қайраткерлері мен блогерлер қазақ тілінің дамуына бағытталған әртүрлі әлеуметтік бастамаларды қолдап, бұл іске өз үлестерін қосуы керек. Олар өз платформаларында қазақ тілінің маңыздылығын түсіндіріп, жастарға тілді үйренуге және қолдануға шақыруы қажет.

Неліктен осы стратегияны таңдау керек деген сұраққа келетін болсақ, танымал тұлғалардың ықпалы өте күшті. Олардың аудиториялары кең және бұл аудиториялардың көзқарастары мен пікірлері қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Егер танымал тұлғалар қазақ тілін насихаттауды өз міндеттерінің бірі ретінде қабылдаса, олардың әсері арқылы көптеген адамды қазақ тілінде сөйлеп, оны күнделікті өмірде қолдануға ынталандыруға болады.

Қорытындылай келе, қазақ тілін әлеуметтік желілерде дамытудың жолы – бұл жүйелі жұмыстар мен стратегиялық қадамдарды жүзеге асыру. Мақсатты аудиторияға бағытталған сапалы контент, танымал тұлғалардың қатысуы және инфрақұрылымды жақсарту арқылы қазақ тілі интернет алаңдарында кеңінен таралып, қоғамда өз орнын табады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметов Н. Әлеуметтік желілер және қазақ тілінің дамуы // Қазақ университеті, Алматы, 2021.
2. Әбдірайымова Ш. Қазақ тілінің қазіргі жағдайы мен даму мәселелері // Ғылым баспасы, Алматы, 2020. — 120 б.
3. Құлмұхамедова М., Әбдіразақова Ж. Қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі қолданылуы және даму мәселелері // Ғылым баспасы, Алматы, 2019. — 150 б.
4. Қасымова Қ. Қазақ тілінің интернет кеңістігіндегі орны // Жазушы баспасы, Алматы, 2020.
5. Сейдімбеков А. Қазақ тілінің қазіргі мәселелері және оның әлеуметтік өмірдегі орны // Дайк-Пресс баспасы, Алматы, 2017. — 200 б.
6. Сейілбеков Н. Қазақ тілінің мемлекеттік саясаты және оның даму бағыттары // Қазақ университеті баспасы, Алматы, 2019. — 180 б.
7. Жұбанова Қ., Тілеужанова Н. Қазақ тілінің интернет кеңістігіндегі даму мәселелері // Арыс баспасы, Алматы, 2021. — 160 б.

ӘОЖ 81.42

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ «БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Оспан Марина Жәнісбекқызы

[marina.ospan02@mail.ru](mailto:marina.ospan02@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

7М01717 – “Қазақ тілі мен әдебиеті” білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - С.С. Шоқабаева

Тіл – адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бейнелейтін күрделі феномен. Халықтың рухани және материалдық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері мен тарихи даму үдерісі тілдік бірліктерде, әсіресе, мақал-мәтелдерде айқын көрініс табады.

Фольклорист Мәлік Ғабдуллин «Мақалды тудырушы – еңбекші халық, ол – халық данышпандығының алтын қазынасы» деп атап көрсеткендей, мақал-мәтелдер халықтың ақыл-ойының жемісі ретінде оның танымдық кеңістігін сипаттайды. Олардың құрылымы қысқа болғанымен, мазмұны терең әрі ойға ой қосатын ерекше сипаты бар. Мақал-мәтелдер халықтың өмір сүру дағдысы мен дүниетанымын ғана емес, сол қоғамның этикалық нормалары мен әлеуметтік құндылықтарын да бейнелейді. Зерттеушілердің пікірінше, мақал-мәтелдер – этностың дүниетанымдық ерекшеліктерін, оның мәдени-әлеуметтік құндылықтарын анықтауда маңызды дереккөздердің бірі. Бұл тұрғыда белгілі академик Ә.Қайдар тілдік бірліктердің этнолингвистикалық сипатын зерттеудің маңызын атап өтіп, мақал-мәтелдерді ұлттық мәдениетті танудың негізгі арналарының бірі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, «егер қазақ тіліндегі 40 мыңнан астам мақал-мәтел белгілі бір «тірек» объектілеріне қатысты жүйеленіп, олардың мазмұны этнолингвистикалық тұрғыдан талданатын болса, онда бұл тілдік бірліктер этностың мәдени-танымдық болмысын толық ашуға мүмкіндік берер еді». Осылайша, мақал-мәтелдер – тек тілдік құрал ғана емес, халықтың рухани-мәдени болмысын бейнелейтін танымдық категориялардың бірі. Мақал-мәтелдерді танымдық-прагматикалық аспектіде зерттеген Дина Б. олардың үш негізгі қызметін анықтайды:

1. коммуникативтік
2. эстетикалық